

2009 жылы жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 17 наурыздағы N 72 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 20 наурызда N 14-12-69 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Әділет басқармасының 2011 жылғы 29 сәуірдегі N 1-15-05/563 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Әділет басқармасының 2011.04.29 N 1-15-05/563 хатымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 2 тармағына және Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5 тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысына сәйкес Созақ ауданы әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. 2009 жылғы ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемі қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Созақ аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (С. Еденбаева) бекітілген тізбеге сәйкес 2009 жылға арналған жергілікті бюджетте қоғамдық жұмысқа қарастырылған қаражат шегінде жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға ұйымдастыруды жүзеге асырсын.
3. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбекақысы Қазақстан Республикасындағы жалақының ең төменгі мөлшерінде белгіленсін.
4. Созақ аудандық қаржы бөлімі (Б. Нұржанов) қоғамдық жұмыстағы жұмыссыздардың еңбекақысын төлеуге қаражаттың уақытылы бөлінуін қамтамасыз етсін.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Мейірбековке жүктелсін.
6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Әбдікүлов

қаулысына қосымша

2009 жылға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемі және мекемелердің тізбесі.

N	А у ы л , поселке әкімшілік аты	Ақылы қоғамдық жұмысқа	
		Адам саны	Түрі
1	2	3	4
1	Шолаққорған ауыл әкімшілігі бойынша	270	
		2	еңбек рыногының индикаторын анықтау
		6	"Тәртіп" пилоттық жобасы
		262	Экологиялық сауықтыру-көркейту көгалдандыру
2	Жартытөбе ауыл әкімшілігі бойынша	25	
		1	еңбек рыногының индикаторын анықтау
		3	"Сақшы" пилоттық жобасы
		21	Экологиялық сауықтыру-көркейту көгалдандыру
3	Құмкент ауыл әкімшілігі бойынша	25	
		1	еңбек рыногының индикаторын анықтау
		3	"Сақшы" пилоттық жобасы
		21	Экологиялық сауықтыру-көркейту көгалдандыру
4	Сызған ауыл әкімшілігі бойынша	25	
		1	еңбек рыногының индикаторын анықтау
		4	"Сақшы" пилоттық жобасы
		20	Экологиялық сауықтыру-көркейту көгалдандыру
		30	

5	Созақ ауыл әкімшілігі бойынша	1	еңбек рыногының индикаторын анықтау
		4	"Сақшы" пилоттық жобасы
		25	Экологиялық сауықтыру-көркейту көгалдандыру
6	Қарағұр ауыл әкімшілігі бойынша	25	
		1	еңбек рыногының индикаторын анықтау
		3	"Сақшы" пилоттық жобасы
		21	Экологиялық сауықтыру-көркейту көгалдандыру
7	Қаратау ауыл әкімшілігі бойынша	25	
		1	еңбек рыногының индикаторын анықтау
		3	"Сақшы" пилоттық жобасы
		21	Экологиялық сауықтыру-көркейту көгалдандыру
8	Жуантөбе ауыл әкімшілігі бойынша	25	
		1	еңбек рыногының индикаторын анықтау
		3	"Сақшы" пилоттық жобасы
		21	Экологиялық сауықтыру-көркейту көгалдандыру
9	Тасты ауыл әкімшілігі бойынша	20	
		1	еңбек рыногының индикаторын анықтау
		3	"Сақшы" пилоттық жобасы
		16	Экологиялық сауықтыру-көркейту көгалдандыру
10	Шу ауыл әкімшілігі бойынша	15	
		1	еңбек рыногының индикаторын анықтау
		3	"Сақшы" пилоттық жобасы
11	Таукент поселке әкімшілігі бойынша	11	Экологиялық сауықтыру-көркейту көгалдандыру
		10	
		1	еңбек рыногының индикаторын анықтау
		1	"Сақшы" пилоттық жобасы
		8	Экологиялық сауықтыру-көркейту көгалдандыру
		5	

12	Қыземшек поселке әкімшілігі бойынша	1	еңбек рыногының индикаторын анықтау
		0	"Сақшы" пилоттық жобасы
		4	Экологиялық сауықтыру-көркейту көгалдандыру
	Барлығы	500	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК